

Λ

Шагала

Жүргінді алғыздың ба сезімге,
Неге келдің теңізі жоқ дағала?
Қайғы жасы мөлдірейді-ау көзінде,
Әлде сен де ғашықпсың, шағала?

Жаутандайсың, жоқ іздеген жандайсың,
Кекірегің шергे толып бара ма?
Қанатынды ауыр қағып самғайсың,
Әлде сен де ғашықпсың, шағала?

Жаныңа кім жара салды, шерлі құс,
Сол бір таңба бойда мәңгі қала ма?
Жапан кезер кім осынша берді құш,
Әлде сен де ғашықпсың шағала?

Кек айдынның ақ еркесі емес пе ең,
Ол еркіндік бойда мәңгі қала ма?
Не іздеп келдің дауыл көшкен белестен,
Әлде сен де ғашықпсың, шағала?

АБ



Λ

•
;

(2001

А. Бақтыгереева.

Ақ Шагала: Алматы «Өлке» баспасы, 2001 ж. — 424бет.

Қазақ поэзиясында өзіндік тұлға болып қалыптасқан ақын қыздың бұл жинағы әр жылдарда жазылған махаббат, замана, уақыт тынысы, туған жер мен туған ел туралы өлеңдерден тұрады. Бұл жырлар ойшылдығымен, образдылығымен, көркем тілімен, нәзік сезімімен оқырман жүрегін баурап алады.

ISBN 5-7667-9432-0

© А.Бақтыгереева, 2001 ж.

© «Өлке» баспасы, 2001 ж.

Өмір керуені және өлең өзені

Ақ қызы, ақ ана, ақ әже, Ақұштап.

«Ақ Жайық», «Ақ желең», «Ақ шағала», Ақұштап.

Зымыраган уақыт.

Сырт көзге ақын біткен өзара үқсайды. Ол заңды да. Өйткені олардың қай-қайсысы да бір салада, дәлірек айтсақ, бір жанрда жұмыс істейді. Өйткені олардың бәрі белгілі бір заңдылыққа сүйенеді. Өйткені олардың өмір сүріп жүрген қоғамы, көріп жүрген дүниесі, арқалап жүрген жұктегіне шейін ортақ. Сойте тұра сол топтың ішінен, үңіле қарасаң, өзгеге үқсамайтын оқшау әдеби міnez, өзгеге үқсамайтын сөзсалтам, өзгеге үқсамайтын бояу байқалады. Ақындық ірілік, шығармашылық даралық деген, міне, осы!

Бірак, өкінішіне орай, қатардағы қарапайым оқырман тұғлі, тісқақкан әйдік әдебиетшілердің өзі бұған мән бере бермейді. Даралай алмайды. Бұған кейде сыншының саяздығы кінәлі болса, кейде объекті-акындардың бедерсіздігі кінәлі. Ондай акындарды оқып отырганда кімнің кім екенін аңғара алмайсың. Кейде тіпті солардың еркек-әйелдігін ажырата алмай қор боласың. Барып тұрган әдеби гермафродиттер! Тура осы әнгіменің өзіне байланысты мысалдар келтіріп, ұзак-ұзак мақала жазуға болар еді. Оның бәріне жай уақытың түгіл, ғұмырың жетпейді. Бұл, әрине, мақтанарлық құбылысқа жатпайды... Ақұштап, соны, құдайға шүкір, өте ерте аңғарған. Поэтикалық этикалық позициясын кезінде дұрыс тандаған.

Шырагымбысың?

Шынарымбысың?

Қыранымбысың?

Жыр-әнімбісің?

Бәрі де сен бол,

Мен әйел болам,

Өзіңе ғана ұнауым үшін!

Иә, әйел! Соның өзі құдірет, соның өзі ғаламат күш емес де? Ендеше одан басқа болып керегі не? Ереккесе еліктен, еркек-шораланып керегі не? Ақын әйел ғана емес, жай ғана әйелдің өзіне басқа біреу болып қажеті не?...

Әйтсе де дәл осы арада өзінен өзі бір сұрақ туады. Сол құдірет деп отырған арулардың құдіреті неде? Ол сұраққа да «Сінліме сыр» деген өлеңінде Ақұштап ақын алдын ала былай деп жауап береді:

Ісіңнен кейін есінде сақта, жарқыным,
Жеңілмес мықты қаруың сениң – нәзіктік!

Ешкім күтпеген оқыс ұғым, оқыс ақыл. Оқыс, оқыс та болса орынды ақыл. Ойландыратын, толғандыратын, ақырапаяғында мойындаратын, амалсыз мойындаратын шындық. Айтып қана қоймайды, жазып қана қоймайды, Ақұштап ақын осы қағиданы үнемі ту ғып үстайды. Үстап қана қоймайды, жоғары үстайды. Меніңше оның әйелдік бақыты да, әдеби бақыты да, міне, осында. Рас-аяу, он адудын әйелдің ала алмаған кішкене қамалын бір ару, ақылды ару нәзіктігімен-ақ жеңіп алады! Соған иманындей сенген Ақұштап осы нәзіктік, осы биязылық, осы әдептілік, керек десеңіз, тіпті, осы әлсіздікті әйел затының нағыз мықты құралы, нағыз қаруы ретінде насиҳаттайды.

Мен болсам қызарамын өз-өзімнен,
Жанарым жанарыңмен соғылып қап.

Бөлмеге кіріп келді жайма-шуак,
Күлгендеге екі жанар жолығысып.

Арқамнан қақшы бір сәтке,
Жұбанбасымды білсең де!

Кенеттен жарқыл ойнап, нөсер жауса,
Аймала өніріңе паналатып!

Қыздардың әдеті бар келіспейтін,
Бұлқынсам, сүймейді деп күдіктенбе!

Ал бәрін ұмыттырып бара жатыр
Шашыма тиіп кеткен саусақтарың!

Бұлай деп ешбір ерекк айта алмайды. Қанша лирик, қанша әйелжанды болса да Тұманбай құрдасымның озі дәл осылай айта алар ма екен?! Азамат ақындар түгіл, ару ақындардың бөрі бірдей бұлай дей алмас! Бұлай деп тек Ақұштап қана жаза аллады. Өйткені ол өзінің әйелдік құдіретін өзгелерден горі тереңірек сезінеді. Бір ғажабы: дәл осындай сойлеп отырған нәзік сезім иесі бір кездері он-он бес жыл бойына бұтына шалбар киіп, қолына қамшы ұстап ұл болып өскен қыз... Бірақ табиғи инстинкт, ақындық инстинкт қоя ма! Ол өзінің «Әкеме» деген хрестоматиялық, антологиялық тамаша өлеңінде былай деп сыр шертеді:

Қалмадым елі қасыннан,
Мен болдым қызын, ұлың да.
Үйір ғып қойдың жасымнан
Қамшыға, асас құлынға.

Жатпадым ана қойнына,
Сен келмей тамақ ішпедім.
Оралып тыста мойныңа,
Тізеннен үйде түспедім.

Жарқырап бір от көзінде,
Ұсындың сусын бал қатып.
Жол жүріп қайтқан кезінде
Алдыңнан шықтым шаңдатып.

Тұлпарды жексен шанаңа,
Делбесін қақтым елеңдеп.
Сен жүрдің «ертең балама»
Келіншек алып берем!» деп.

Жинамай асық қалтаға,
Ерекше сенің өсті «ұлың».
Бір күні менің арқама
Төгіліп кетті қос бұрым!

Міне, осы күннен бастап, не жазып, не қойса да, Ақұштап өзінің ең алдымен ару екенін, яғни қыз екенін, болашақ ана екенін ұмытқан жоқ. Ұмыту қайда! Ол қайта, керісінше, өзінің әйел екендігіне акцент жасаумен келеді. Акцент болғанда қандай!

Бірге өткіздік әрбір күнді, әр айды

Сеніменен бірге атқан таң арайлы.

Бүгін маган сәбиіндің жанары

Сенің тұнық көздеріңмен қарайды.

Күлімдесе, жанарында нұр тұнды.

Сәл қамықса, мәлдір тамшы іркілді.

Құлап тұрды, тірек іздең қол созып,

Саған менің жүргегіммен ұмтылды.

Сол бір ермек жетіп жатқан күн-тұнге.

Сонда сенің мінезің де, күлкің де.

Сен мені іздең, мен сені іздең жүзінен,

Қос махабbat соған ауды бұл күнде.

Міне саған нәзіктік! Міне саған әйелдік! Міне саған классика! Өзің жазбасаң да өзің жазғандай қуанарлық өлең.

Жалпы махабbat тақырыбы үлкен тактыны, ерекше әдептілікті керек етеді. Дарапылдық, дөрекілік, бәдіктік оның болмысына жат. Сәл ауытқып түскен тіркес, шалыс басқан шалағай сөз махабbatқа да, ғашықтарға да абырой әпермейді. Ақұштап соны өте жақсы біледі. Сондықтан мұндай тұстарда мейлінше ұқыпты, мейлінше зергер. «Қысқы тұн» деген өлеңінен үзінді оқып көрелік:

Он екі айда сағынта

Табиғат берген сый мына:

Қонады келіп ақ ұлпа

Сені мен менің иығыма.

...Бақыттың басы болар ма

Сен мені алғаш сүйген күн?!

Ұмытып қысты содан ба,

Қақпастан қарды үйге ендім.

Улгертпей мениң не деуге,
Сен қарды еппен қаққаның.
Сау ете қалды еденге
Иығыма қонған ақ қарым.

Бір жалын шарпып өткендей
Селк етіп шоршып тұстім мен.
Қапыда сусып кеткендей
Ақ торғын көйлек үстімнен!

Байқайсыздар ма: бағзы біреулер әп-әсем дүниені жалаңаш порнографияға шейін құлдыратса, Ақұштап сыптырылып кеткелі тұрган порнографиялық сәтті бік көркемдікке көтеріп әкетеді. Шеберлік деген, нағыз ақындық деген осы болса керек! Жалпы сөз құдіретінде шек жоқ. Мәселе қыбын табуда. Қыбын таба білген адам тіптен қарапайым, қарабайыр құбылыстардың өзін көркем кестеге айналдырып жібереді. Марқұм Хамит Ерғалиев ағамыздың «Біздің ауылдың қызы» атты дастанында мынандай бір егіз тармақ бар:

«Можно?» деген жалғыз ауыз қыз сөзі
Бір жігітті алып кірді бөлмеге.

Маган оқырман ретінде осы жолдар сүмдыш үнайды. Неге? Түсіндіре алмаймын. Қыздың өзі де емес, көзі де емес «Можно!» деген бір-ақ ауыз сөзі. Оның өзі орысша. Бірақ сиқырлы сәт. Осындай бір жұмбак құдіретті Ақұштаптан да байқаймын.

Жанарайм талды қараудан
Қонбаған самолеттерге!
Немесе,
Әйнекке тиген әр тамшы
Сен болып тағы алдады!

Жалпы поэзияны талдау, түсіндіру – әдебиетші-сыншылардың міндеті мой. Десек те өлеңді ұғу аз, онымен үйлесім табу қажет. Барлық құдірет сонда жатыр.

Ақұштап, әдетте дүниенің, тіпті адамның өзінің сыртына,

өң-түсіне мән беріп жатпайды. Оған керегі – олардың ішкі дұниесі, ішкі сыры. Қуыршағының көйлегін шешіп, кіндігін шұқып, аржағында не бар еken деп, шұқшия қарайтын құпияқұмар бұлдіршін тәрізді ақын қарындасымыз да тіршіліктің түпкі сырына құштар. Құштар ғана емес, қайтсе де соны біліп тануға, білгенін әдемілеп айтып беруге үмтүлады. Ал байқап қалса, өзгенің ғана емес, өзінің пенделігін де бүкпей айтып салуға бар. «Тамада» деген бір өлеңінде бүкіл қонақ біткеннің тәрде отырған мықтының ығына жығылып, өз қадір-қасиеттерін ұмытып кете жаздаған жақын-жұықтары жөнінде барынша шынайы шумақтарға жолығасыз.

Сол бұйырса, құйылғалы шай тұрды.

Сол шешеді үйге қашан қайтуды.

«Жүргеніміз дүниеде жер басып,

Сіздің арқа» деген сөз де айтылды.

Жалған тілек жүргегімді жаралай,
Еш адамның көзіне тік қарамай,
Кезегімде мен де бір тост көтердім
Сау болсын деп тәрде отырған сол ағай.

Сау болсын деп дені кербез жеңгенің,
Өңгелердің сөзін қайта жөндейдім.

Мен де отырдым осы кеште амалсыз
Бірі болып екіжүзді пенденің!

Бұл айтылмай, жазылмай жүрген тақырып та емес. Әркім әр қырынан суреттеп-ақ баққан құбылыс. Бір гажабы: соның бәрінде де кейіпкерлердің тоқсан тоғыз пайызы жарамсақ, жағымпаз пенде күйінде бейнеленіп, автордың өзі ғана періште қалпында қалып отыратын. Ал Ақұштап өзін өзгеден бөліп алмайды. «У ішсөң – руыңмөн» дегендей, ортамыз қандай болса, өзіміздің де сондай екенімізді ашық және аңы айтады.

Мен де отырдым осы кеште амалсыз

Бірі болып екіжүзді адамның.

Мұсылман қауымының ішінде біздің халық жалпы әйел

жұртына мүмкіндігінше қысым жасамаған, қыздарын еркелетіп өсірген, сол қыздарының абыройы, сол перзенттерінің көңілі үшін жиендерімен де айырықша қарым-қатынас жасаған ерекше елміз. Бірақ тірлік, тағдыр түгелдей адам қолында емес. Халықтың, ер-азаматтың ықтиярынан тыс, мұлдем жоғары тұрган қанша жайлар бар. Сондықтан да болса керек, қазақ әйелдерінің жағдайы әлі күнге шейін қын.

Әйелге қанша ауыр болса, әйел ақынға одан да қын! Соның өзінде бақытты деген Бақтыгерееваның да жыларман болар сәттері жоқ емес. Бірақ Ақұштап – Ақұштап қой. Кейде ол күйбең тірлікті былай ысырып тастап, қоғамдық шаруалармен шұғылданып, киноға түсіріп, теледидардан сейлемп, күйіп-пісіп жатады. Газет-журнал бетінде көл-көсір мақала бол жана шырлық білдіреді.

Тынбаспын, сірә, жырлаудан

Тұған жер – анам айналған.

Депутатыңмын тұғанинан

Дауыссыз, даусыз сайланған –

десе, дегендей. Міне осындағы ресми депутатыңнан артық болмаса, кем емес перзенттік парыздармен жүріп, ақын қарындастымыз не көрмеді?!? Күрескер де қажиды, темір де тозады...

Балаға қандай уақытың кетсе, өлеңге де сондай уақытың кетуге тиіс. Сол уақыт барболғырың бүлдіршіндерден ауыса қойса жақсы! Ауыспайды. Ақын ана аласұрады. Сөйті тұра біреулердің ағыл-тегіл жылап айтатынын Ақұштап назға айналдырады.

Мен жүрмін өлең жазып, Жұбан-аға,

Бұ күнде немеремнің жөргегіне! –

дейді Жұбан Молдағалиевке арнаған топтамасында. Жұбан баяғыда марқұм болып кеткен. Тіпті тірі жүргеннің өзінде не істей алар еді, қандай көмек бере алар еді. Оны Ақұштап түсінбейді емес, түсінеді. Бұл жәрдем сұрау емес, өшейін шер тарқату, мұнын айтуғана. Әйтпесе...

Ағайыннан, жердегі туысқаннан

Жұлдыз жақын тәрізді аспандағы! –

деп жазған автор осы сөзін ұмытып кетіп отыр дейсіз бе?!

Заман мен адамды бөліп керегі жоқ. Адаммен бірге заман, заманмен бірге адам... өзгеріп жатқан жоқ па?

Қыз дегенің болмысынан ана. Ал Ақұштап оған қоса болмысынан ақын. Осылай болып жаратылғанмен сол екі қасиеттің басын дұрыстап қоса алмай жүрген ақын қыздар аз ба?! Аз емес. Ақұштап басын қосам деп өуре болмайды. Olsen өзін әрі ана, әрі ақын сезінеді. Өйткені осынау екі қасиеттің құдірет Бақтыгерееваның басында біртұтас дүниеге айналған. Оның мандайындағы екі көздің бірі – ананың көзі болса, бірі – ақынның көзі.

Боз үйдің аржағында кемпір отыр
Сәбидің құнде қалған қуыршағындай!

Бұлай деп азamat ақын айта алмас. Olsen түгіл, әйел ақындардың өзі осылай көре қояр ма екен?! Ал көркемдік кредитосын о бастан дұрыс анықтаған Ақұштап тап осылай жазады. Қайталап айтам, өйткені ол өзінің әйелдік құдіретін басқалардан гөрі тереңірек сезінеді. Және сол бір қымбат сезімді жоғалтып алмай, әлі қүнге дамыту үстінде.

Сол сұлу сезімді өлең-өмірге ала келген ақ қызы – сол сұлу сезімді әлдилеген ақ анаға, ал сол сұлу сезімді әлдилеген ақ ана – осының бәрін өнер биігіне көтерген ақ әжеге шейін өсті. «Ақ жайық» – «Ақ желкенге», «Ақ желкен» – «Ақ Шагалаға» айналды.

Өмір керуені қоңыраулатып ұзап барады, ұзап барады.

Өнер өзені асып-саспай, асып-таспай сабырлы ағып жатыр, ағып жатыр.

БАЛДЭУРЕН – балғын кезің бір

АБ



Өрімтал

Ақ боранын далаңның
Сен де бастан кештің бе,
Ерке назды самалдың
Әнін тыңдал өстің бе?

Долы дауыл, күн аптаң
Дақ салмай ма әріңе?
Сүйгендікten бірақ та
Көнесің бе бәріне?

Жұлқыса жел есіріп,
Майысқанмен сынбадың.
Сыр айтпадың шешіліп,
Неше келіп тыңдадым.

Қысты жеңіп, шуаққа
Жайрандаған кезінде,
Бойындағы қуатқа
Қайран қалам өзім де...

Әкеме

Болса да нәзік гүл өнім,
Өсірдің еркек баладай.
Қыз деуді, әке, білемін,
Көңілің жүрді қаламай.

Қалмадым елі қасыңдан,
Мен болдым қызың, ұлың да.
Үйір ғып қойдың жасымнан
Қамшыға, асau құлынға.

Жатпадым ана қойнына,
Сен келмей тамақ ішпедім.
Оралып тыста мойнына,
Тізеннен үйде тұспедім.

Жарқырап бір от көзінде,
Ұсындың сусын бал қатып.
Жол жүріп қайтқан кезінде
Алдыңдан шықтым шаңдатып.

Тұлпарды жексен шанаға
Делбесін қақтым елеңдеп.
Сен жүрдің, «ертең балама
Келіншек алып берем», – деп.

Мылтығың болды қосауыз,
Мен оны қолға алмадым.
Ақ қарда қалды жосып із,
Сенімен аңға бармадым.

Жинамай асық қалтаға
Ерекше сенің өсті «ұлың»...
Бір күні менің арқама
Төгіліп кетті қос бұрым.

Тағдыры қыздың мұлде өзге
«Жаралды жатқа» – деме сен.
Асығып күткен бір кездे
Армандай балаң емес пе ем?!

Ауылым

Құстарың ерке көлдегі,
Тербейді желің құрақты,
Құйын да тентек, сендергі
Балалық шағым сияқты.

Іздерім қайда құмдағы,
Су алып қайтқан құдықтан.
Алқызыл гүлдер қырдағы
Бантигім шығар ұмытқан.

Баламен сотқар желді құн,
Желбіреп шашым, жарыстым.
Бойжеткен қызыбын мен бүгін,
Ол құндер қалды алыс тым.

Сыбдыры таныс талыңның
Сырлас жел, самал, дауылың.
Оралмас балғын шағымның
Белгісі сенсің, ауылым.

Ойламадым

Бар еді тентектігің бала жастан,
Бойына сақтапты оны дала – дастан.
Жүйрік жел сені есіме тұсіреді
Мойнынан орамалым ала қашқан.

Өтетін күнің талас, ерегеспен,
Қалмайтын жанжал, шулы төбелестен.
Қолымнан қуыршағымды жұлып алыш,
Жылатып кететін де сен емес пе ең?

Өстік біз төбелесіп қойлы ауылда,
Откен күн келмей қалды айналымға,
Сол кезгі сенің тентек мінезінді
Мен бүгін сағынам деп ойладым ба?

Мені еске ал

Тал шыбық тұрар жағада,
Майысып жеңіл желменен.
Мені еске ал, соған қара да,
Көңілін көп ой тербеген.

Қызғалдақ көрсөң, мені еске ал,
Самалмен қырда билеген.
Домбыра көрсөң, мені еске ал,
Шегіне саусақ тимеген.

Жол жүріп шықсан, белес бар,
Талайлар ізін қалдырған.
Қарлығаш көрсөң, мені еске ал,
Оралып ұшқан алдыңнан.

* * *

Жаңа ай әлі тумаған
Гүл өңің бе екен сенің?
Толқындар асau тулаған
Жүргегің бе екен сенің?

Бұлбұл боп бақта сайраған
Күй-өнің бе екен сенің?
Жібек жел мені аймалар
Қиялың ба екен сенің?

Даланың қарлығаштары-ай

Кеудемді жанап өттіндер,
Жүр едім жырды бастамай,
Азайып неге кеттіндер,
Даламның қарлығаштары-ай!

Қырларды әнге бөлеген,
Сұлуы бейне жаннаттың.
Арудың қасын теңеген,
Қайдасың қыйғаш қанаттым?

Қайдасың бүгін қанаттым,
Зияны тимес ешкімге.
Ұрпаққа пана болатын,
Тыныштау жаққа көштің бе?

Ұяңа маза бермеген
Шошындың ба екен жыланнан?
Сапардан қайтсам, менде де
Көп емес алдан шығар жан.

Өзіндік титтей жүрекпен
Қатерді қандай сездіндер,
Көктемде бәрің жыр еткен
Даладан неге бездіндер?

Топталып үшқан үйірің
Достардай еді-ау жаны ізгі.
Адамнан кеткен мейірім
Сендерде қалған тәрізді.

Кеудемді жанап өттіндер
Жүр едім жырды бастамай.
Азайып неге кеттіндер,
Даламның қарлығаштары-ай?!

Сен есіме тұскенде

Көл болып жасы көзінің,
Анашым шықты аңырап.
Күніреніп қалды өзінің
Атыңа біткен шаңырақ.

Өңім бе, әлде тұсім бе,
Үзілді кенет өмірің.
Бар демін тартып ішіне
Егіліп тұрды келінің.

Кетті деп жақсы арадан,
Жоқтады барлық жас-кәрің.
Атынан құлап даладан
Жылады қанша достарын.

Сүріне-құлай жеттім де,
Кеуденен сүйдім, төзбедім.
Мәңгіге ұйықтап кеттің де,
Бірін де мұның сезбедің.

Жалғызың жетім қалмақшы,
Ан ұрып шыққан от демім.
Шыңғырған даусым, алғашқы
Оята алған жоқ сені...